

Aşağıda verilen diyalog metnini okuyunuz, metnin transkripsiyonunu yapıp Türkiye Türkçesine aktarınız, içeriği hakkında sınıfta konuşup sorulan sorulara cevap veriniz.

Kaynak:

Agzamova Z., K. Şaymerdenova (2006) Kazak Tili, Almatı.

*Тимур:*

Ренат, қысқы демалысты қалай өткіздің?

*Ренат:*

Тимур, демалған жақсы ғой, өте тез өтіп кетті.

*Тимур:*

Тез өткеніне қарағанда, демалысың қызықты өткен сияқты ғой?! Күн суықта үйде отырған шығарсың?

*Ренат:*

Сен білесің ғой, мен қысқы спорт түрлерімен шұғылданамын. Дәл осы демалыс кезінде құрама командамызбен Алатау бөктеріндегі Шымбұлақта жаттықтық, республикалық жарысқа дайындалдық.

*Тимур:*

Сен бұрын Алматыда болып па едің? Ауа райы қандай екен?

*Ренат:*

Ол жақта бізге қарағанда жылырақ. Қысқы демалыс біткенше сонда болдым. Сондықтан қыстың суығын сезбей қалдым.

*Тимур:*

Ендеше, біздің жақта қаңтар айында бұрын болмаған суық болды. Сынап бағанасы 40 градус суыққа дейін көтеріліп, сықырлаған аяз болды. Далаға шығуға мүмкіндік болмай, күні-түні үйде отыруға тура келді.

*Ренат:*

Күні бойы үйде не істедің?

*Тимур:*

Теледидар көрдім, компьютер ойнадым. Қыстың күні маған сондай ұзақ болып көрінді. Сондықтан маған қысқы демалысым қызықсыз өткендей болды. Сабақтың тез басталуын күттім.